

Баянауыл ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 2024 жылғы 2 қазандағы № 9/10 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабы 3-тармағының, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Баянауыл ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының 2024 жылғы 19 қыркүйектегі кезектен тыс отырысының №11 хаттамасы негізінде, Баянауыл ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Баянауыл ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Ксентаев

Баянауыл ауданы әкімінің
2024 жылғы "02" қазандағы
№ 9/10 шешіміне
қосымша

Баянауыл ауданы әкімінің күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі "Баянауыл ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" № 1 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27432 болып тіркелген).

2. Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 2023 жылғы 21 қарашадағы "Павлодар облысы Баянауыл ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" № 6/11 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 188565 болып тіркелген).

3. Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 2024 жылғы 26 ақпандағы "Павлодар облысы Баянауыл ауданы Майқайың кенті аумағында жергілікті ауқымдағы техногенді сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" № 2/02 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 193624 болып тіркелген).

4. Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 2024 жылғы 8 тамыздағы "Павлодар облысы Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округі аумағында жергілікті ауқымдағы

табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" № 6/08 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 199560 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК